



ЖАС ҚАЛАМГЕР


№ 2, сәуір - мамыр, 2021 жыл

ГАЗЕТ 2021 ЖЫЛДАН БАСТАП ШЫҒАДЫ
БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН ӘДЕБИ-ТАНЫМДЫҚ ГАЗЕТ

Бүгінгі санда:

Ерте, ерте, ертеде...
Өлең - сөздің патшасы
Полинаның комикстері
Шығармашылық жұмыстар
Естелік ескерткіштер
Кішкентай аспазшы
Ойнайық та, ойлайық!
Психолог кеңесі
Көркем жазу шеберлері
Ән шырқайық!
Сен білесің бе?
Балақай, сурет салайық!

СҰХБАТТАСАЙЫҚ



«Сұхбаттасайық» айдарының қонақтары –
директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары
Туркова Ирина Александровна мен директордың
тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Нургазина
Елена Игоревна

- Құрметті, Елена Игоревна, сіздің сүйікті кітабыңыз?
- Мастер и Маргарита
- Сүйікті кейіпкеріңіз кім?
- Маргарита
- Сүйіп оқитын жанрыңыз ше?
- Роман
- Жазғы демалыста қандай кітап оқуға кеңес берер едіңіз?
- Ф. Достоевскийдің «Идиот» романын оқуға кеңес берер едім.
- Уақыт бөліп, сұхбаттасқаныңызға көп рахмет.

Сұхбаттасқандар: Деменева Дарья, Штырхун Натали, Мустафина Дильназ

- Құрметті, Ирина Александровна, сіздің сүйікті кітабыңыз?
- Даниела Киза «Цветы для Элджернона»
- Сүйікті кейіпкеріңіз кім?
- Борис Акуниннің кітабындағы кейіпкер.
- Сүйіп оқитын жанрыңыз ше?
- Тарихи детектив
- Жазғы демалыста қандай кітап оқуға кеңес берер едіңіз?
- Егер сіздің 7- сынып оқушыларына Андрей Жвалевский «Время всегда хорошее» шығармасын оқуға, ал ересектерге Борис Акуниннің шығармаларын оқуға кеңес берер едім.
- Сізге көп рахмет.

ЕРТЕ, ЕРТЕ, ЕРТЕДЕ...

«Мақта қыз бен мысық» ертегісі

Бұл екеуі дос болып жүреді. Мақта қыз үйін жинап жүріп, бір мейіз тауып алады да мысықты шақырады. Мысық, келмейді. Қыз:
— Келмесең келме! – деп, мейізді өзі жеп қояды. Жеп болған соң, мысық келіп:
— Неге шақырдың? – деп сұрайды. Мақта қыз айтпайды. Сонан соң мысық:
— Ендеше қатығыңды төгем! – дейді.

Мақта қыз:
— Мен құйрығыңды кесіп аламын! – дейді.

Мысық қатықты төгеді. Мақта қыз мысықтың құйрығын кесіп алады. Мысық:
— Апа, апа, құйрығымды берші! – дейді.

Мақта қыз:
— Менің қатығымды қайтар! – дейді. Мысық сиырға барады.

— Сиыр, маған қатық берші! – дейді.

Сиыр:
— Мөөө, Менің қарным ашып тұр. Маған жапырақ әкеліп берші! – дейді.

Мысық ағашқа барып:
— Ағаш, ағаш, жапырағыңды берші! – дейді.

Ағаш:
— Мен шөлдеп тұрмын. Су әкелсең, жапырақ беремін, – дейді. Мысық суға бара жатса, су әкеле жатқан қыздарды көреді.

— Қыздар, қыздар, маған су беріңіздерші! – дейді.

Қыздар оған:
— Бізге сағыз әкеліп берсең, біз саған су береміз, – дейді. Мысық дүкенге барады.

— Әй, дүкенші, маған сағыз берші! – дейді.

Дүкенші:
— Маған жұмыртқа бер, – дейді. Мысық тауыққа барады.

— Тауық, тауық, маған жұмыртқа берші! – дейді.

Тауықтар:
— Бізге дән әкеліп берсең, біз саған жұмыртқа береміз, – дейді.

Мысық: «Енді не қыламын?» – деп, бара жатса, бір ін қазып жатқан тышқанды көреді. Мысық тышқанды бас салады.

— Жаныңның барында айт! Үйінде не бар? – дейді.

Тышқан қорыққанынан:
— Үйімде бір табақ тарым бар, – дейді.

Мысық:
— Маған бір уыс тары бер, – дейді.

Тышқан үйіне барып, бір уыс тары әкеліп береді. Мысық тарыны апарып тауыққа береді. Тауық жұмыртқа береді. Жұмыртқаны апарып дүкеншіге береді. Дүкенші сағыз береді. Сағызды апарып қыздарға береді, қыздар су береді. Суды апарып ағашқа береді. Ағаш жапырағын береді. Жапырақты апарып сиырға береді, сиыр қатық береді. Қатықты апарып Мақта қызға береді, Мақта қыз мысықтың құйрығын береді.

«Мақта қыз бен мысық» ертегісінің қойылымын мына сілтеме арқылы
<https://youtu.be/cSm8reRzCgI> басып көре аласыз. Орындаушылар: 2-сынып оқушылары

Мәтінді терген: Тулебаев Данияр



ӨЛЕҢ - СӨЗДІҢ ПАТШАСЫ

Қалалық «Абай оқулары» сайысына қатысып, жүлделі оры алған оқушылар мектебіміздің мақтаныштары. Мақтаныштарымызбен таныстыра кетейін.

«Абайдың ақын шәкірттерінің шығармалары» номинациясына 4 «А» сынып оқушысы Борисова Ксения Шәкәрім Құдайбердіұлының 5 өлеңін жатқа айтып, жүлделі екінші орынды иеленсе, «Жүйріктен жүйрік озар жарысқанда» номинациясы бойынша 4 «Б» сынып оқушысы Тулебаев Данияр Абай атасына өз өлеңдерін арнап, жүлделі ІІІ орын иеленді, «Көңілім әнді ұғады» номинациясы бойынша 6 «Б» сынып оқушысы Белокурец Стелла «Көзімнің қарасы» әнін орындап, ІІ орынды иемденді.

Шәкәрім Құдайбердіұлы

«Қош!» өлеңі

*Жас өтті тынымсыз,
Өнерсіз, ғылымсыз,
Надандық жолымен
Кеттім-ау білімсіз.*

*Оқытпай баламды,
О да өсті тыюсыз.
Ойламай шамамды
Алды-артым жиюсыз.*

*Бақ қайда қиынсыз,
Бос тілек сыйымсыз,
Қазақ та қажытты,
Күнім жоқ жиынсыз.*

*Бір жол бар келгісіз,
Қайта өмір көргісіз.
Ізім жоқ, түзім жоқ,
Өттім-ау белгісіз!*

Өлеңді оқыған Борисова Ксения

Сілтеме:

<https://youtu.be/T8w7LVnpRcM>

Абай атама

*Абай ата біз сізді,
Қадірлейміз, сыйлаймыз.
Өлең жырдан нәр алып,
Үлгі-өнеге аламыз.
Өсиетіңізді жаттаймыз.
Әдептіліктен аспаймыз.
Бес асыл істі жасап,
Жаман әдет жасамаймыз.*

Мен де ақын боламын.

*Абай атама еліктен,
Жырдан шашу шашамын.
Өлең оқып, жыр жаттап,
Мен де ақын боламын.*

*Абай атамды жырлап,
Өлеңдерін оқимын.
Болмасам да танымал,
Мен де ақын боламын.*

Өлеңнің авторы Тулебаев Данияр


Сілтеме:

https://youtu.be/3PRklm_3nW8

Бетті әзірлеген Деменова Дарья



ПОЛИНАНЫҢ КОМИКСТЕРІ



Редькина Полинаның комиксін қызықты диалогпен толықтырып шағын әңгіме құрастырып, 87751425160 (ватсап) нөміріне жіберіңіздер. Сізді сыйлық күтуде.



ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЖҰМЫС

Гимназиямызда қазақ халқының негізгі, төл мерекесі - Наурыз мерекесі қарсаңында «Жас қаламгер» үйірмесінің ұжымының ұйымдастыруымен «Наурыз - жыл басы» суреттер сайысы өткізілді. Осы сайыста ерекше сурет салуымен ерекшеленген оқушылардың жұмыстарын жариялауды жөн көрдік.



Бетті әзірлеген Штырхун Натали



ЕСТЕЛІК ЕСКЕРТКІШ

Ескерткіштер өткен тарихтың белгісі. Ескерткіштер мемориалына Ұлы Отан соғысында қаза тапқан жауынгерлер жауынгерлерге қойылған.

9 мамырда Рудный қаласының тұрғындары ҰОС қаза болған жауынгерлердің мемориалына келеді. Мәңгілік алауға от жағылады, адамдар гүл шоқтарын қояды.

Сондай-ақ, 2020 жылғы 30 тамызда Рудный қаласында Даңқ аллеясының салтанатты ашылуы өтті: ҰОС ардагерлерінің және оларға теңестірілген азаматтардың 14 портреті «Достық» саябағында орналастырылды. Даңқ аллеясын мамыр айында Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 75 жылдығына орай ашу жоспарланған болатын, бірақ коронавирустық пандемия мен қатан карантиндік шектеулер бұған жол бермеді. «Достық» саябағына барсаңыз, міндетті түрде біздердің болашағымыз үшін күрескен ата-әжелерімізбен танысуды ұмытпа!



КІШКЕНТАЙ АСПАЗШЫ

«ШАРЛОТКА» БӘЛІШІ

Қажетті қоспалар:

3 алма, 4 жұмыртқа, 1 стакан қант, 1 стакан ұн

Дайындалуы:

Алдымен алманы тазартып, жартылай кесіп алып, формаға саламыз.

Арнайы ыдысқа жұмыртқаны жарып, жақсылап араластырып, ұн мен қантты салып тағы араластырып, формадағы алманың үстіне құямыз. Алдын ала қыздырылған пешке 200 °C градусқа 30-40 минутта қоямыз.

ШАРЛОТКА ДАЙЫН. АС ДӘМДІ БОЛСЫН!



4 «А» сынып оқушысы Борисова Ксенияның «Шарлотка» бәлішін қалай дайындағанын көргіңіз келсе сілтемені https://youtu.be/Wu_W4szFlxg басыңыз.



ОЙНАЙЫҚ ТА, ОЙЛАНАЙЫҚ!



Сөзжұмбақ пен суретті мақал-мәтелдердің жауабын дұрыс шешкен оқушыға сыйлық бар. Жауабыңызды 87751425160 ватсап нөміріне жолдаңыз.

Бетті әзірлеген Сапарбай Жанарыс





ПСИХОЛОГ КЕҢЕСІ



Біздің психолог - Татьяна Ильдаровна Набибулина

Психологтың ұсыныстары

Мазасыздық кезінде адамға (немесе өзіне) қалай көмектесуге болады:

Мазасыздық күйі ұзақ уақытқа созылуы мүмкін, адамнан күш пен қуат алады, демалу мүмкіндігінен айырады, әрекет ету қабілетін тоқтатады.

- мазасыз реакция кезінде адамды "сөйлесуге" тырысу және оны не мазалайтынын түсіну өте маңызды.

Бұл жағдайда адам мазасыздықтың қайнар көзін білуі мүмкін, содан кейін ол қорқынышқа айналады. Қорқынышпен күресу мазасыздықтан гөрі оңай.

- жиі адам болып жатқан оқиғалар туралы ақпарат болмаған кезде аландайды. Содан кейін сіз қандай ақпарат қажет екенін, оны қашан және қайда алуға болатындығын талдап, іс-шаралар жоспарын жасай аласыз;

- мазасыздық кезіндегі ең ауыр тәжірибе-демалуға қабілетсіздік. Бұлшықеттер кернеулі, баста бірдей ойлар бар, сондықтан сіз адамға кернеуді жеңілдету үшін бірнеше белсенді қозғалыстар жасауды және оны өнімді қызметке тартуды ұсына аласыз.

Рекомендации психолога

Как помочь человеку (или себе) при тревоге: Состояние тревоги может длиться долго, вытягивая из человека силы и энергию, лишая возможности отдыха, парализуя способность действовать.

- при тревожной реакции очень важно постараться «разговорить» человека и понять, что именно его тревожит. В этом случае возможно, что человек осознает источник тревоги, и тогда она трансформируется в страх. А со страхом справиться проще, чем с тревогой.

- часто человек тревожится, когда у него не хватает информации о происходящих событиях. Тогда можно проанализировать, какая информация необходима, когда и где ее можно получить, составить план действий.

- самое мучительное переживание при тревоге – это невозможность расслабиться. Напряжены мышцы, в голове крутятся одни и те же мысли, поэтому можно предложить человеку сделать несколько активных движений, чтобы снять напряжение, а еще лучше вовлечь его в продуктивную деятельность.

Психолог кеңесін аударған Набибулина Анна



КӨРКЕМ ЖАЗУ ШЕБЕРЛЕРІ

СУРЕТТЕ 2-СЫНЫП ОҚУШЫСЫ ТОҚАН САНЖАР МЕН 1-СЫНЫП КАБИЛБАЕВА АРУЖАННЫҢ ҚАЗАҚ ТІЛІ ПӘНІНЕ АРНАҒАН ДӘПТЕРІНЕН КӨРКЕМ ЖАЗУ ҮЛГІСІ. ОҚУШЫЛАР ӨЗДЕРІҢІЗДІҢ КӨРКЕМ ЖАЗУЛАРЫҢЫЗДЫ ГАЗЕТ БЕТІНДЕ КӨРГІЛЕРІҢІЗ КЕЛСЕ, ТЫРЫСЫП КӨРЕЙІК. 📌 ТЕК ҮЗДІК КӨРКЕМ ЖАЗУЛАР ЖАРИЯЛАНАДЫ.

Үй жұмысы.
4-тапсырма.
Әнел, жұр, би білейміз.
Саша, жұр, сурет саламыз.
Әзіл, жұр, мұхтаршылы көреміз.
Саша, жұр, саябаққа барамыз.
Әлібек, жұр, фронтон көреміз.

3-тапсырма.
Әлібек сейсенбіде шахмат ойнайды.
Саша сейсенбіде бассейнге барады.
Анна дүйсенбіде құыршақ ойнайды.
Әнел дүйсенбіде әткеншек тебеді.

8 КЕЛ, ҚАЙТАЛАЙЫҚ!
1-тапсырма. Бастыр. Жаз.
К К К К К К К К К К К К К К К К
К К К К К К К К К К К К К К К К
Кан Кан Кан Кан Кан Кан Кан Кан

Суретті түсірген Хакимова Полина



ӘН ШЫРҚАЙЫҚ!

Әрқашан күн сөнбесін!

Күн әдемі, көк әлемі,
Бұл суреті жас баланың.
Ақ қағазға салған өзі,
Жазылған бар сөзі.

Қайырмасы:

Әрқашан күн сөнбесін,
Аспаннан бұлт төнбесін,
Қасымда болсын мамам,
Болайын мен де аман.

Пусть всегда будет солнце!

Солнечный круг, небо вокруг —
Это рисунок мальчишки.
Нарисовал он на листке
И подписал в уголке:

Припев:

Пусть всегда будет солнце!
Пусть всегда будет небо!
Пусть всегда будет мама!
Пусть всегда буду я!

May there always be sunshine!

Bright blue the sky,
Sun up on high,
That was the little boy's picture,
He drew for you,
Wrote for you, too,
Just to make clear what he drew -

Refrain (қайырмасы):

May there always be sunshine,
May there always be blue skies,
May there always be Mummie,
May there always be me!

ЮТУБ КАНАЛЫНА СІЛТЕМЕ: <https://youtu.be/U3OopA6qDyM>



Әнді таңдаған Мустафина Дильназ



СЕН БІЛЕСІҢ БЕ?

САҒАТ ҚАНША?



Сағат 2
Сағат екі



2 сағат 5 минут
Екіден бес минут кетті



2 сағат 15 минут
Екіден он бес минут кетті



2 сағат 30 минут
Екі жарым



2 сағат 40 минут
Үшке жиырма минут қалды



2 сағат 45 минут
Үшке он бес минут қалды

Ұзын тіл – минуттар
Қысқа тіл – сағаттар

60 минут = 1 сағат
24 сағат = 1 тәулік


ДОСТАР, ЖАЗҒЫ ДЕМАЛЫСТА УАҚЫТТЫ ҚАЗАҚША АЙТУДЫ ҮЙРЕНЕЙІК!

Бетті әзірлеген Деменова Дарья



БАЛАҚАЙ, СУРЕТ САЛЫП ҮЙРЕНЕЙІК!

СУРЕТТІ НҮКТЕЛЕР БОЙЫНША АЙНАЛДЫРА ЖИЕКТЕ ЖӘНЕ ӘДЕМІЛЕП БОЯ.
ОБВЕДИ РИСУНОК ПО ТОЧКАМ И РАСКРАСЬ.



МЕКЕН - ЖАЙЫМЫЗ:
111500, РУДНЫЙ Қ.И.ФРУНЗЕ К-СІ, 16
№21 ГИМНАЗИЯ, ТЕЛ: 8(71431) 97291
E-MAIL: MUSIC-SCHOOL21@YANDEX.KZ
«Жас қаламгер» үйірмесінің жетекшісі
Сыздыкова Динара Балташовна

